

ҚАЗІРГІ ЖАСТАРДЫҢ МӘДЕНИ-САЯСИ ӘЛЕУМЕТТЕНУ КЕҢІСТІГІ: БІЛІМ МЕН ТҰЛҒА ҮЙЛЕСІМІ

АМАНИЯЗОВА Б.А. 

Аманиязова Бағдагүл Айтбайқызы - Гуманитарлық ғылымдар магистрі, оқытушы, Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе қ., Қазақстан.

E-mail: baqdaqul-1977@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0003-4018-8952>

Андатпа. Бұл ғылыми мақалада ХХІ ғасырдағы жаһандану, цифрландыру және медиа мәдениеттің жастардың мәдени және саяси әлеуметтену процесіне ықпалы гуманитарлық тұрғыдан талданады. Зерттеу барысында әлеуметтенудің теориялық негіздері классикалық және қазіргі заманғы социологиялық және философиялық еңбектер негізінде қарастырылды. Автор жастардың мәдени және саяси әлеуметтенуін білім беру жүйесінің, медиа кеңістіктің және әлеуметтік ортаның өзара ықпалдастығы нәтижесінде қалыптасатын көпқырлы құбылыс ретінде сипаттайды.

Мақалада жоғары және орта білім беру мекемелерінің жастардың рухани, мәдени және азаматтық дамуына әсері айқындалып, гуманитарлық пәндердің (философия, мәдениеттану, саясаттану, этика) әлеуметтенудегі маңызы негізделген. Сонымен қатар, цифрлық медиа жастардың жаңа әлеуметтену алаңына айналғанымен, мәдени сәйкестік пен ақпараттық қауіпсіздік тұрғысынан тәуекелдер де бар екені атап өтілді. Зерттеу нәтижелері бойынша жастардың мәдени және саяси әлеуметтенуі тек қоғамға бейімделу емес, тұлғаның өзін-өзі тануы мен рухани дамуының, азаматтық жауапкершіліктің қалыптасуының құралы екені тұжырымдалды.

Мақалада гуманитарлық білімнің мазмұнын күшейту, студенттік азаматтық белсенділікті арттыру, медиа сауаттылықты дамыту және білім беру мен мәдени институттардың өзара байланысын нығайту қажеттігі ұсынылады. Бұл бағыттар жастардың ұлттық және азаматтық бірегейлігін сақтауға, қоғамның мәдени тұрақтылығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: жастар әлеуметтенуі, мәдени әлеуметтену, саяси әлеуметтену, медиа мәдениет, цифрландыру, білім беру жүйесі.

Кіріспе

ХХІ ғасырдағы жаһандану, ақпараттық технологиялардың өрлеуі мен мәдениаралық байланыстардың күшеюі жастардың әлеуметтену процесіне терең әсер етіп отыр. Әлемдік ақпараттық кеңістіктің кеңеюі, цифрландыру және медиа мәдениеттің үстемдігі қоғамның құндылықтар жүйесін өзгертті. Мұндай жағдайда жастардың мәдени және саяси әлеуметтенуі ерекше әлеуметтік-гуманитарлық маңызға ие.

Әлеуметтену теориясы қоғам мен ғылым үшін маңызын ешқашан жоғалтпайтын ілім және оны Т. Парсонс, Д. Г. Мид, Л. С. Выготский, Ж. Пиаже, З. Фрейд, Э. Эриксон, Н. Смелзер, В. А. Петровский, К. Юнг сияқты социология мен әлеуметтік психологияның классиктері дамытқан.

Жастар - қоғамның ең белсенді және әлеуеті жоғары әлеуметтік тобы. Олар әлеуметтік институттар - отбасы, мектеп, жоғары және орта оқу орындары, бұқаралық ақпарат құралдары мен қоғамдық ұйымдар арқылы мәдени және саяси өмірге араласа отырып, жаңа мәдени-саяси тұлға ретінде қалыптасады. Осы ретте білім беру жүйесі - жастардың мәдени және саяси әлеуметтенуінің басты алаңы екені сөзсіз. Себебі оқу процесі кәсіби дағдыларды қалыптастырады, сонымен қатар рухани-мәдени құндылықтарды, азаматтық жауапкершілік пен саяси сананы тәрбиелейді.

Зерттеуші Е.А.Ярцева атап өткендей, әлеуметтену - бұл «қоғамда қалыптасқан әлеуметтік құндылықтардың, нормалар мен мінез-құлық стереотиптерінің жиынтығын жеке адамның ұзақ уақыт бойы меңгеру процесі» [1, 105]. Ал саяси әлеуметтену ұғымы жастардың қоғамның саяси жүйесіне енуі, оның нормалары мен институттарын игеруі деп қарастырылады [2, 64].

Қазіргі гуманитарлық ғылымдар жастардың әлеуметтенуін тұлғаның өзін-өзі тануы мен рухани дамуы тұрғысынан зерделеудің маңызын атап өтеді. Мәдени әлеуметтену процесі -

Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар-Социально-гуманитарные науки-Social and humanities sciences тұлғаның қоғам мәдениетіне бейімделуі мен құндылықтар жүйесін игеруінің басты шарты.

Зерттеу мақсаты - бүгінгі жастардың мәдени-саяси әлеуметтену кеңістігі күрделі құбылыс. Ол білім беру жүйесімен, әлеуметтік-мәдени ортамен және ақпараттық кеңістікпен тығыз байланысты. Дегенмен қазіргі зерттеулерде кейбір мәселелер толық ашылмаған: жастардың мәдени және саяси әлеуметтенуін тұтастай гуманитарлық тұрғыдан қарастыру, білім мен тұлға үйлесімін айқындау әлі де терең зерттеуді қажет етеді.

Сондықтан осы мақаланың мақсаты – жоғары және орта білім орталары арқылы жастардың мәдени-саяси әлеуметтенуін гуманитарлық тұрғыдан талдау және «білім - тұлға» үйлесімінің маңызын ашу.

Зерттеу материалдары мен әдістері.

Зерттеу нысаны – жоғары және орта білім беретін оқу орындарындағы жастардың мәдени және саяси әлеуметтену процесі. Бұл процесс білім беру ортасының құндылықтық, мәдени және идеологиялық кеңістігімен, сондай-ақ тұлғаның ішкі рефлексиялық қабілеттерімен өзара байланыста қарастырылады.

Зерттеу пәні – жастардың мәдени және саяси әлеуметтенуін айқындайтын факторлар: оқу мазмұны, оқытушылардың гуманитарлық бағдарлары, университеттік мәдениет, цифрлық коммуникация құралдары және әлеуметтік қатысу түрлері.

Зерттеу сипаттамалық және теориялық-сараптамалық сипатқа ие. Ол философиялық-гуманитарлық талдау әдісіне негізделеді және мәдениеттанулық, әлеуметтік және саяси философия тұрғысынан түсіндіруді мақсат етеді. Мұнда салыстырмалы талдау және герменевтикалық түсіндіру тәсілдері қолданылды.

Зерттеу эмпирикалық емес сипатта болғандықтан, қатысушылардың нақты іріктемесі қарастырылмады. Алайда, зерттеу негізіне Қазақстан, Ресей және шетел ғалымдарының жастар әлеуметтенуі туралы гуманитарлық еңбектері алынды. Таңдау критерийлері:

- жастар мәдениеті мен саяси белсенділігін зерттейтін қазіргі заманғы еңбектер;
- білім беру процесіндегі құндылық трансляциясына арналған мақалалар;
- мәдениет философиясы мен әлеуметтену теориясына арналған классикалық еңбектер.

Оның ішінде П.Бергер, Т.Лукманның 1966 жылғы «Социальное конструирование реальности» еңбегі алынды.

Талдау әдістері ретінде келесі гуманитарлық тәсілдер қолданылды. Мазмұндық талдау (контент-анализ) – ғылыми мақалалар мен философиялық еңбектердің мәтіндік құрылымдарын, олардың мәдени және саяси мазмұнын анықтау мақсатында пайдаланылды. Салыстырмалы әдіс – кеңестік және қазіргі постиндустриалды кезеңдегі жастар әлеуметтенуінің ерекшеліктерін салыстыруға мүмкіндік берді. Герменевтикалық тәсіл – жастардың мәдени және саяси болмысын тұлғалық өзін-өзі тану процесі ретінде түсіндіруге мүмкіндік берді. Философиялық синтез – мәдениет пен білімнің өзара байланысын біртұтас жүйе ретінде пайымдауға бағытталды.

Зерттеу барысында академиялық адалдық қағидалары сақталды: барлық пайдаланылған дереккөздер мен авторлық идеяларға нақты сілтемелер берілді, плагиатқа жол берілмеді, зерттеу нәтижелері бейтарап және құндылықтық жағынан теңгерімді сипатта ұсынылды.

Нәтижелер және оларды талқылау

Жүргізілген зерттеу нәтижесінде жастардың мәдени және саяси әлеуметтенуі - қазіргі қоғамның әлеуметтік тұрақтылығына, азаматтық белсенділігіне және мәдени тұтастығына тікелей әсер ететін күрделі әлеуметтік-философиялық құбылыс екені анықталды. Білім беру жүйесі бұл процестің басты агенті, себебі дәл осы ортада жастар тек кәсіби білім алып қана қоймай, мәдени құндылықтарды меңгереді, саяси бағдар қалыптастырады және өзін азамат ретінде таниды.

XXI ғасырдың ақпараттық қоғамында әлеуметтену кеңістігі дәстүрлі құрылымдар - отбасы, мектеп, университетпен шектелмейді. Зерттеу медиа мен цифрлық коммуникацияның ықпалы жастардың құндылық бағдарларын қалыптастыруда шешуші рөл атқарып отырғанын көрсетті [1,

Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар-Социально-гуманитарные науки-Social and humanities sciences 106]. Әсіресе әлеуметтік желілер мен виртуалды қауымдастықтар жастарды саяси пікірталастар мен мәдени трендтерге ерте араластырып, «онлайн әлеуметтену» формасын тудырды. Бұл құбылыстың классикалық әлеуметтену теорияларынан [3, 88-89] айырмашылығы - әлеуметтік байланыстар тұрақсыз және жылдам. Автор социализацияны адамның қоғамға бейімделу, әлеуметтік қатынастар жүйесіне ену процесі деп қарастырады. Бұл - тұлғаның әлеуметтік нормаларды, құндылықтарды, мінез-құлық үлгілерін меңгеруі арқылы қоғамның толық мүшесіне айналуы.

Әлеуметтену қоғам тұрақтылығы мен мәдениеттің ұрпақтан ұрпаққа берілуін қамтамасыз етеді. Нарық жағдайында жас ұрпақтың әлеуметтік және кәсіби қабілеттері ерекше сыннан өтіп жатыр. Қазіргі қоғамда отбасы, білім беру және мемлекет сияқты дәстүрлі әлеуметтену институттарының рөлі өзгеріс үстінде. Білім беру жүйесі коммерцияланып, ал мемлекет жастардың әлеуетін толық пайдалана алмай отыр. Әлеуметтенудің бірнеше механизмі бар: дәстүрлі - отбасы мен орта арқылы, тұлғааралық - маңызды адамдармен қарым-қатынас арқылы, және стилдік - субмәдениет арқылы, яғни белгілі бір өмір салты мен топтық құндылықтар арқылы.

Қорыта айтар болсам, қазіргі таңда жастардың әлеуметтенуі өте күрделі әрі көпқырлы процесс болып отыр. Бұрын отбасы мен мектеп басты рөл атқарса, қазір интернет, әлеуметтік желілер және жастар субмәдениеттері де үлкен әсер етеді. Бұның жақсы жағы да, қиын жағы да бар: бір жағынан жастар ақпаратты тез меңгереді, көзқарасы кеңейеді; екінші жағынан, тұрақты құндылықтар мен бағыттар жоғалып, тұлғалық шатасу пайда болуы мүмкін.

Сондықтан, меніңше, қазіргі қоғамда **әлеуметтенудің сапасы** - ең өзекті мәселе. Жастарды тек экономикалық өмірге емес, рухани және мәдени тұрғыдан да дайындау қажет. Әлеуметтену тек бейімделу емес, сонымен қатар өзін және өз қоғамын дамыту процесі болуы керек.

Мысалы, зерттеушілер қазіргі жастардың мәдени әлеуметтенуінде «жаһандық субмәдениеттер» феноменін атап өтеді: жастар ұлттық мәдени кодтан алыстай отырып, трансұлттық мәдени үлгілерді қабылдауға бейім келеді. Бұл жағдай мәдени сәйкестіктің әлсіреуі қаупін тудырғанымен, сонымен қатар плюралистік және ашық тұлғалық дамуға мүмкіндік береді.

Зерттеу нәтижелері жоғары және орта білім беретін оқу орындарының жастардың мәдени және саяси әлеуметтенуінің негізгі өзегі болып отырғанын көрсетті. Коряковцева О.А. [2, 65] пікірінше, «жоғары оқу орнында білім алу процесінде жас адам саяси мәдениетке қатысудың бағыт-бағдарын алады», яғни университеттік орта тұлғаның саяси мәдениетке қатысу арнасын ашады.

Бұл тұрғыда гуманитарлық философия, мәдениеттану, саясаттану сияқты пәндердің ерекше маңызы бар. Олар жастарға қоғамдағы өз орнын түсінуге, құндылықтық рефлексияны дамытуға, азаматтық жауапкершілікті сезінуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, оқу үдерісінде жастар ұжымдық әрекет тәжірибесін меңгереді - бұл саяси әлеуметтенудің маңызды элементі.

Зерттеу барысында жастардың мәдени және саяси әлеуметтенуінің өзара тәуелді екені анықталды. Мәдени орта тұлғаның өзіндік танымын қалыптастырса, саяси орта -азаматтық позициясын анықтайды. Бұл екі кеңістік бір-бірін толықтыра отырып, «білім – тұлға – қоғам» жүйесінде тұтас әлеуметтену механизмін құрайды.

Мысалы, Жоғары экономика мектебі жүргізген зерттеуде мәдени әлеуметтену факторлары ретінде білім беру ортасы мен медиа әсерінің симбиозы көрсетілген: университеттік құндылықтар жүйесі медиа арқылы күшейтіліп, жастардың азаматтық және мәдени белсенділігі артады.

Қазақстанда мәдени және саяси әлеуметтену бағыттары мемлекеттік білім беру саясатының басым бағыттарының бірі ретінде айқындалып отыр. Әсіресе өңірлік деңгейде (мысалы, Ақтөбе қаласы) жастар саясаты орталықтары мен жоғары оқу орындарындағы мәдени және саяси клубтардың жұмысы әлеуметтену алаңын кеңейтіп отыр.

Білім беру мекемелері мен қоғамдық ұйымдар арасындағы серіктестік жастардың азаматтық мәдениетін арттыруда тиімді құралға айналып отыр. Бұл, өз кезегінде, ұлттық бірегейлік пен

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің хабаршысы, №1 (83), наурыз 2026
Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар-Социально-гуманитарные науки-Social and humanities sciences
мәдени тұрақтылықты сақтаудың гуманитарлық тетігі.

Жүргізілген талдау нәтижелері бұрынғы зерттеулермен сәйкес келеді, бірақ қазақстандық контексте бірнеше ерекшеліктер байқалады:

Батыстық модельдерге қарағанда, отбасылық және дәстүрлік институттар жастар әлеуметтенуінде әлі де маңызды рөл атқарады;

Саяси белсенділік көбіне мәдени жобалар мен волонтерлік қозғалыстар арқылы көрініс табады, бұл «жұмсақ саяси әлеуметтену» формасын көрсетеді;

Цифрлық кеңістіктегі әлеуметтену әлеуеті жоғары болғанымен, ақпараттық манипуляциялар тәуекелі де бар.

Осы факторларды ескере отырып, білім беру мекемелерінде мәдени және саяси әлеуметтенуді біртұтас гуманитарлық бағдарда дамыту қажет.

Жастардың мәдени және саяси әлеуметтенуі - қазіргі қоғамдағы тұлғалық және азаматтық дамудың өзекті феномені. Жоғары және орта білім беру жүйесі әлеуметтенудің негізгі агенті ретінде тұлғаның құндылықтық, мәдени және саяси бағдарларын қалыптастырады. Гуманитарлық пәндер мен мәдени кеңістік жастардың рухани дүниесін байытып, саяси жауапкершілікті күшейтеді. Цифрлық медиа жаңа әлеуметтену арналарын ашқанымен, мәдени сәйкестік пен ақпараттық қауіпсіздік мәселелерін өзекті етіп отыр.

Қазақстан жағдайында білім мен мәдени саясаттың интеграциясы жастардың ұлттық және азаматтық бірегейлігін сақтау мен дамытудың тиімді құралы бола алады.

Білім берудің гуманитарлық мазмұнын күшейту. Жастардың мәдени және саяси әлеуметтенуін тиімді ету үшін оқу бағдарламаларында философия, мәдениеттану, саясаттану және этика пәндерінің үлесін арттыру қажет. Бұл пәндер студенттің дүниетанымдық, мәдени және азаматтық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді.

Студенттердің азаматтық белсенділігін арттыру. Жоғары және орта оқу орындарында студенттік өзін-өзі басқару ұйымдарының, дебат клубтарының, еріктілер қозғалыстарының жұмысын қолдау керек. Мұндай құрылымдар студентті қоғамдық өмірге қатысудың нақты тәжірибесіне енгізеді.

Оқыту процесінде мәдени жобаларды интеграциялау. Мәдени іс-шаралар мен әлеуметтік жобалар оқу процесімен ұштасқанда ғана студент білім мен өмірлік тәжірибені байланыстырды. Университет пен колледж қабырғасында мәдени форумдар, этнофестивальдер, пікірталас алаңдарын жиі өткізу ұсынылады.

Оқытушылардың кәсіби және рухани біліктілігін дамыту. Оқытушы -әлеуметтенудің басты медиаторы. Сондықтан педагогтардың гуманитарлық құзыреттілігін арттыру, мәдениетаралық коммуникация бойынша курстар мен тренингтер ұйымдастыру маңызды.

Медиа және цифрлық кеңістікті әлеуметтену құралы ретінде пайдалану. Әлеуметтік желілер мен онлайн платформаларды білім беру мен құндылықтық тәрбиеге тиімді бағыттау қажет. Студенттермен жұмыс істеуде интерактивті әдістерді (онлайн пікірталас, блог жүргізу, бейнерефлексия) қолдану олардың медиамәдениетін арттырады.

Жергілікті мәдени бастамаларды қолдау. Мәдени және саяси әлеуметтену тек астана мен ірі орталықтарда ғана емес, аймақтық оқу орындарында да дамуы қажет. Мысалы, Ақтөбе, Шымкент, Қызылорда сияқты өңірлерде жастар орталықтарының мәдени жобаларын оқу үдерісімен байланыстыру ұсынылады.

«Білім – тұлға – қоғам» ұштағанын қалыптастыру. Әлеуметтену процесі тек оқытушы мен студент арасындағы қарым-қатынаспен шектелмей, қоғаммен және мәдени ортамен тығыз байланыста болуы тиіс. Университеттер мен колледждер қоғамдық ұйымдармен және мәдени мекемелермен бірлескен жобалар жүргізуі қажет.

XXI ғасырдағы жаһандану, цифрландыру және ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың дамуы жастардың мәдени және саяси әлеуметтенуінің сипатын түбегейлі

Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар-Социально-гуманитарные науки-Social and humanities sciences өзгертті [4]. Қазіргі жастар дәстүрлі институттар - отбасы, мектеп және университет арқылы ғана емес, сонымен қатар медиа, әлеуметтік желілер мен виртуалды кеңістіктер арқылы да қоғамға бейімделіп, құндылықтық бағдарларын қалыптастырып жатыр.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, білім беру жүйесі - жастардың мәдени және саяси әлеуметтенуінің негізгі агенті. Ол жастарды кәсіби тұрғыдан ғана емес, рухани және азаматтық тұрғыдан жетілдіруге бағытталған орта ретінде көрінеді. Университеттік және колледждік білім беру кеңістігі тұлғаның мәдени рефлексиясын дамытып, қоғаммен үйлесімді өмір сүру қабілетін арттырады.

Гуманитарлық пәндердің (философия, мәдениеттану, саясаттану) рөлі ерекше, себебі олар жастарға өз мәдени және саяси болмысын түсінуге, азаматтық жауапкершілікті сезінуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, цифрлық медиа жаңа әлеуметтену алаңына айналып, жастардың құндылықтары мен саяси көзқарастарына үлкен ықпал етіп отыр. Дегенмен, бұл үрдіс мәдени сәйкестік пен ақпараттық қауіпсіздік мәселелерін де туындатып отыр.

Қазақстандық контексте жастар әлеуметтенуінде ұлттық мәдениет пен дәстүрлі институттардың рөлі әлі де күшті сақталған. Саяси әлеуметтену көбіне мәдени және волонтерлік жобалар арқылы жүреді, бұл - «жұмсақ саяси әлеуметтену» моделі.

Осылайша, жастардың мәдени және саяси әлеуметтенуі - тек білім беру процесінің нәтижесі ғана емес, қоғамның рухани тұрақтылығы мен мәдени тұтастығын қамтамасыз ететін стратегиялық әлеуметтік құбылыс. Білім мен мәдениеттің, тұлға мен қоғамның үйлесімді өзара әрекеті Қазақстанның болашақ азаматтарының мәдени және азаматтық бейнесін айқындайды.

Сонымен қатар, цифрлық медиа жастардың құндылықтық және саяси бағдарларын қалыптастыруда қуатты әлеуметтену құралына айналды. Дегенмен, бұл құбылыс ақпараттық манипуляциялар мен мәдени сәйкестіктің әлсіреуі сияқты жаңа қауіптерді де туындатып отыр. Сондықтан медиа сауаттылық пен мәдени иммунитет қалыптастыру – заманауи әлеуметтенудің маңызды міндеті болып отыр.

Қорыта келгенде, жастардың мәдени және саяси әлеуметтенуі - тек бейімделу емес, сонымен қатар тұлғаның өзін-өзі тануы мен қоғамды рухани дамытуының құралы. Білім беру мекемелері, медиа және мәдени институттар арасындағы өзара байланыс неғұрлым үйлесімді болған сайын, қоғамның мәдени тұрақтылығы мен азаматтық белсенділігі де соғұрлым жоғары болады [5, 52].

Сондықтан заманауи жағдайда жастардың мәдени және саяси әлеуметтенуін жетілдіру үшін гуманитарлық бағыттағы білімді күшейту, азаматтық және мәдени белсенділікті арттыру, медиа мәдениет пен ұлттық бірегейлікті үйлестіре дамыту - стратегиялық маңызы бар міндет.

Әдебиеттер тізімі

1. Ярцева Е. А. Социализация молодёжи в современном обществе // Евразийский Союз Ученых (ЕСУ). Социологические науки. – 2015. – № 9. – С. 105–107.
2. Коряковцева О. А. Политическая социализация молодёжи в образовании РФ // Среднерусский вестник общественных наук. Политология: актуальные аспекты. – 2008. – № 4. – С. 64–67.
3. Бергер П., Лукман Т. Социальное конструирование реальности: трактат по социологии знания. – М.: Медиум, 1995. – 323 с.
4. Хусяинов Т. М. Основные тенденции социализации молодёжи в современной России: теоретический анализ. – 2017. – Режим доступа: <https://cyberleninka.ru/article/n/osnovnye-tendentsii-sotsializatsii-molodezhi-v-sovremennoy-rossii-teoreticheskiy-analiz>
5. Трубина Г. Ф. Отечественный опыт социализации молодёжи: история и современные подходы // Педагогическое образование в России. – 2018. – № 10. – С. 44–53.

References

1. Yartseva E. A. Sotsializatsiya molodyozhi v sovremennom obshchestve // Evraziyskiy Soyuz Uchenykh (ESU). Sotsiologicheskie nauki. – 2015. – № 9. – S. 105–107.
2. Koryakovtseva O. A. Politicheskaya sotsializatsiya molodyozhi v obrazovanii RF // Srednerusskiy vestnik obshchestvennykh nauk. Politologiya: aktual'nye aspekty. – 2008. – № 4. – S. 64–67.
3. Berger P., Lukman T. Sotsial'noe konstruirovaniye real'nosti: traktat po sotsiologii znaniya. – М.: Medium, 1995. – 323 s.
4. Khusyainov T. M. Osnovnye tendentsii sotsializatsii molodyozhi v sovremennoy Rossii: teoreticheskiy analiz. – 2017. – Rezhim dostupa: <https://cyberleninka.ru/article/n/osnovnye-tendentsii-sotsializatsii-molodezhi-v-sovremennoy-rossii-teoreticheskiy-analiz>
5. Trubina G. F. Otechestvennyy opyt sotsializatsii molodyozhi: istoriya i sovremennyye podkhody // Pedagogicheskoye obrazovanie v Rossii. – 2018. – № 10. – S. 44–53.

КУЛЬТУРНО-ПОЛИТИЧЕСКОЕ ПРОСТРАНСТВО СОВРЕМЕННОЙ МОЛОДЕЖИ: ГАРМОНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ И ЛИЧНОСТИ

АМАНИЯЗОВА Б.А. 

Аманиязова Багдагул Айтбаевна - Магистр, преподаватель, Актюбинский региональный университет имени К.Жубанова, Ақтөбе, Қазақстан

E-mail: baqdaqul-1977@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0003-4018-8952>

Аннотация. В данной научной статье с гуманитарной точки зрения анализируется влияние глобализации, цифровизации и медиакультуры на процесс культурной и политической социализации молодежи в XXI веке. Теоретические основы социализации рассматриваются на основе классических и современных социологических и философских трудов. Автор характеризует культурную и политическую социализацию молодежи как многогранное явление, формирующееся во взаимодействии системы образования, медиапространства и социальной среды.

В статье раскрывается влияние высших и средних учебных заведений на духовное, культурное и гражданское развитие молодежи, обосновывается значимость гуманитарных дисциплин (философия, культурология, политология, этика) в процессе социализации. Кроме того, отмечается, что цифровые медиа, являясь новой площадкой социализации, несут риски для культурной идентичности и информационной безопасности. По результатам исследования сделан вывод, что культурная и политическая социализация молодежи — это не только процесс адаптации к обществу, но и средство самопознания, духовного развития и формирования гражданской ответственности.

В статье предлагается усилить гуманитарное содержание образования, повысить гражданскую активность студентов, развивать медиаграмотность и укреплять взаимодействие образовательных и культурных институтов. Эти направления способствуют сохранению национальной и гражданской идентичности, обеспечивая культурную стабильность общества.

Ключевые слова: социализация молодежи, культурная социализация, политическая социализация, медиакультура, цифровизация, система образования.

THE CULTURAL AND POLITICAL SPACE OF MODERN YOUTH: HARMONY OF EDUCATION AND PERSONALITY

AMANIYAZOVA B.A. 

Amaniyazova Bagdagul Aitbaevna - Master of arts, teacher, K.Zhubanov Aktobe regional university, Aktobe, Kazakhstan

E-mail: baqdaqul-1977@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0003-4018-8952>

Abstract. This scientific article analyzes, from a humanitarian perspective, the impact of globalization, digitalization, and media culture on the process of youth cultural and political socialization in the 21st century. Theoretical foundations of socialization are examined based on classical and contemporary sociological and philosophical works. The author describes

Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар-Социально-гуманитарные науки-Social and humanities sciences
youth cultural and political socialization as a multifaceted phenomenon shaped by the interaction between the education system, media space, and social environment.

The article highlights the influence of higher and secondary educational institutions on the spiritual, cultural, and civic development of young people and substantiates the importance of humanitarian disciplines (philosophy, cultural studies, political science, ethics) in the process of socialization. Furthermore, while digital media has become a new platform for socialization, it also poses risks in terms of cultural identity and information security. The study concludes that youth cultural and political socialization is not only a process of adaptation to society but also a means of self-understanding, spiritual development, and the formation of civic responsibility.

The article proposes strengthening the content of humanitarian education, enhancing student civic engagement, developing media literacy, and fostering cooperation between educational and cultural institutions. These measures contribute to preserving national and civic identity and ensuring the cultural stability of society.

Key words: youth socialization, cultural socialization, political socialization, media culture, digitalization, education system.